

«6D010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша Сандуғаш Тлеубайдың PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

## П І К І Р І

Болашақ педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырып, құзыреттілігін дамыту мәселесі Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, басқа да білім беруді дамытудың мақсатты стратегиялық құжаттарында Елбасының, ҚР Президентінің халыққа арналған Жолдауларында, «Педагог мәртебесі туралы» Заңда да атап көрсетілген.

Қазіргі таңда ЖОО-ның мақсаты әлемдік талаптарға сай мобильді, жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, поликоммуникативті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Елбасының, Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде басымдық берілгені баршаға мәлім. Ендеше қазақ, орыс, ағылшын тілдерін педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуды үштілділік жағдайында арттыру өзекті мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда С.Тлеубай өзінің ғылыми зерттеу жұмысында қазіргі көкейкесті мәселені көтеріп отыр деуге негіз бар.

Ал, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында “Латын графикалық әліпбиі негізінде қазақ тілін жаңғырту” атты бірінші және “Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту” атты үшінші бағыттарын іске асыруда Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының “Тілдік жаңғыру” және “Әлемдегі үздік білімге қол жеткізу бастамасы” негіз болатындай маман дайындаудың жаңа да, тиімді жолдары іздестірілуде.

Диссертант С.Тлеубай жұмысында көтеріліп отырған мәселені оңтайлы шешудің тиімді тетігі ретінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың жаңашыл, кәсіби құзыретті, бәсеке қабілетті мектепке дейінгі ұйым маманын дайындаудың жолдарын қарастырады.

Зерттеуші диссертациялық жұмыс барысында ғылыми-теориялық, әдіснамалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жүргізген. Диссертацияның түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің

